



Бекітемін:

«Төмирис» жеке бөбекжайының
менгерушісі С.К.Даулетова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары «Болашақ» ересек тобы

Тәрбиешілер: Н.С.Кенжегалиева, Б.М.Муратова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу Негізгі қимылдар: Жүру. өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Домалату, қағып алу, лақтыру. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. Алысқа дәлдеп лақтыру (3,5–6,5 м кем емес). Еңбектеу, өрмелеу. 10 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша

		төрттағандап еңбектеу, тақтайда, орындықта көлденеңінен еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру, құрсаудан еңбектеп өту; Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүру. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. Тепе-теңдікті сақтау: қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру; Сапқа тұру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру . Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау,. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру Күтілетін нәтиже: Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді; сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді, үш дөңгелекті
--	--	--

		велосипед тебеді, табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді.
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, Байланыстырып сөйлеу: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу
		Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: Дауысты дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады, ақырын жылдам сөйлейді естіген дыбыстарды дұрыс айтады. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар туралы айтуға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің атауларын үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі; қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді.
	Математика негіздері	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды

	геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: «бір» сөзінің мағынасын біледі; 5 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі; 5 және одан артық заттардың өлшемдік қатынастарын анықтай біледі.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Күтілетін нәтиже: құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады
Қоршаған әлеммен таныстыру	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады
Сурет салу	Заттық сурет салу. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Күтілетін нәтиже: жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ою.

		Күтілетін нәтиже: мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді.
	Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады; қысқа және ұзын жолақтарды қияды.
	Музыка	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу. Күтілетін нәтиже: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды); таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Негізгі қимылдар: Жүру. жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру Жүгіру. Бірқалыпты, тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру Секіру. аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Домалату, қағып алу, лақтыру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). Еңбектеу, өрмелеу.Еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру; Тепе-теңдікті сақтау. қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту,

		бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Сапқа тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша). Спорттық жаттығулар: Биік емес төбеден бір-бірін сырғанату біліктерін қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру, денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы белсенділігі үшін жағдайлар жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтырудың барлық түрлерін жалғастыру. дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды шаю. Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру. Мәдени-гигиеналық дағдылар: бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабын мен жуу, қол орамалды қолдану. Күтілетін нәтиже: Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру және қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру жаттығуларын жасайды. Еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен,
--	--	---

		арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдылары қалыптасқан. Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталы.
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу Сөздік қор: заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Байланыстырп сөйлеу: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
		Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: ақырын, жылдам сөйлейді; сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады; заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды ажыратады, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап бере алады. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде тыныс алуды дамыту. Сөздік қор: Табиғат құбылыстарына байланысты сөздерді үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді тәуелдеп жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу: Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға дағдыландыру.

		Күтілетін нәтиже: Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді; сөздерді тәуелдеп қолданады; шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады.
	Математика негіздері	5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтиже: 5 және одан артық заттардың өлшемдік қатынастарын анықтай біледі; геометриялық пішіндерді таниды және атайды; геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді; тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдарының негізгі бөлшектерін атайды және ажыратады; шамасы бойынша әртүрлі құрастырулар жасай біледі; ұсақ заттар дайындауда шаршы қағазды бүктей біледі.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру, тірі және өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Табиғаттағы ауа райының жағдайларын бақылау және бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), дағдыларын жетілдіру. соған сәйкес киіну. Күтілетін нәтиже: табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді;

		ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады.
	Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне ара-қатынасын беру. Күтілетін нәтиже: сюжеттік композицияларды салады.
	Мүсіндеу	жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: мүсіндеуде қысу тәсілін қолданады.
	Жапсыру	Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Күтілетін нәтиже: қысқа және ұзын жолақтарды қияды.
	Музыка	- Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу; -Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету; -Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер мен пьесаларды) ажыратады; музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, (кім, не туралы айтылатыны) көңіл- күйін білдіре алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4-5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұгу. Негізгі қимылдар: Жүру.Қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; Жүгіру. 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру; Секіру.4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см), 20-25 см биіктікке секіру; Домалату, қағып алу, лақтыру.Допты екі қолымен бастан асыра кедергіарқылы

		лақтыру (2 м қашықтықтан) Еңбектеу, өрмелеу.50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру; Тепе-теңдікті сақтау.Тепе-теңдікті сақтау: қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру; қолын беліне қойып, екі жаққа айналу. Сапқа тұру.Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру, денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы белсенділігі үшін жағдайлар жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтырудың барлық түрлерін жалғастыру.:дымқыл шүберекпен сүртіну, иаяқтарды, шаю. Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаңаяқ жүру.Мәдени-гигиеналық дағдылар: бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату. Ұқыпты тамақтанудағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабын мен жуу, қол орамалды қолдану. Күтілетін нәтиже: Қатарынан (4-5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұгу жаттығуларын жасай алады. Баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіреді. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға
--	--	--

		еңбектейді. Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаңаяқ жүру. Мәдени-гигиеналық дағдылар: бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындау дағдыларын меңгерген. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашынтарау, қолды сабын мен жуу, қол орамалды қолданады.
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Күтілетін нәтиже: ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алады; негізгі ойды дұрыс жеткізе алады; әңгімелерді бірізді айтып береді. Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды; мазмұнның жүйесін сақтай отырып, шағын шығармаларды айтып бере алады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту. Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету.

		Күтілетін нәтиже: еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді; өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады; ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды; берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады
	Математика негіздері	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Күтілетін нәтиже: 5 және одан артық заттардың өлшемдік қатынастарын анықтай біледі; геометриялық пішіндерді және денелерді таниды және атайды
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану. Шығармашылық қиялдауды дамыту, көрнекіліктерге сүйене отырып зат жасау. Күтілетін нәтиже: құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін біледі, түрлі нәтиже алу үшін бір тәсілді ғана қолданады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым. Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері, адамның тұратын үйі, балабақша, мектеп, ересектердің еңбектері туралы білімдерін жетілдіру. Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Біздің еліміздің қорғаны әскер туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: кейбір кәсіптік және ауылшаруашылық мамандықтары туралы біледі
	Сурет салу	Жемістер мен жидектер; балық, жануарлардың суретін салу барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты меңгерту. Күтілетін нәтиже: көкөністер, жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша

		суреттерін салады.
	Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу.Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.Сюжеттік композиция жасауды үйретуді жалғастыру, сюжеттерді өз бетінше ойластырып,мүсіндеуде іске асыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылықтары бар
	Жапсыру	Сәндік жапсыру.Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: дайын үлгілермен, шаблондармен, трафареттермен жұмыс жасайды.
	Музыка	-Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру; -Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту; -Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Ағаш қасықтармен, бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік- ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасай алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашуқолдың білектерін айналдыру; Негізгі қимылдар: Жүру.өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру; Жүгіру.аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу.10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт

		бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Секіру.бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; Домалату, қағып алу, лақтыру.допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет) Тепе-теңдікті сақтау.сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Сапқа тұру.Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау; Спорттық жаттығулар:Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу; Дербес қимыл белсенділігі.Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.Балаларға адамның дене және сезім мүшелері,
--	--	---

		олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Күтілетін нәтиже: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындай алады, пта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындайды. Шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтырады, Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінікке ие .
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту.
		Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Күтілетін нәтиже: заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен, заттардың орналасқан жерін ажыратады. Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды; себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады; өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды; мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады.

	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Әңгімлеу барысында бейнелеу құралдарын қолдануға дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға жаттықтыру. Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі; өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады; таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша, өз бетінше ретімен қайталап айтады.
	Математика негіздері	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Күтілетін нәтиже: кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды; берілген бағытта қозғалады.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен жәнекірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.

		Күтілетін нәтиже: құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау жасайды дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталы.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру. Күтілетін нәтиже: тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады; бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды.
	Сурет салу	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтиже: сурет бойынша: заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді; тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді; түстерді өз қалауы бойынша таңдайды.
	Мүсіндеу	Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету. Күтілетін нәтиже: ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді.
	Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстардың пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен

		нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Күтілетін нәтиже: қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды.
	Музыка	-Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету; -Өн айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету; -Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу; -Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу. Күтілетін нәтиже: Жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу – жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар.Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру.Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Негізгі қимылдар: Жүру.сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру; Жүгіру.1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу.50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту;

	Секіру.4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру; Домалату, қағып алу, лақтыру. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; Тепе-теңдікті сақтау.Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Сапқа тұру.Оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Спорттық жаттығулар:Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу; Дербес қимыл белсенділігі.Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс- әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Күтілетін нәтиже: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындауға дағдыланған. 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектей алады. Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру ді үйренген. Оңға, солға бұрылу, орнында айналады. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу қажеттілігін түсінеді.
Тілді дамыту, көркем	Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат

	әдебиет	есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу Күтілетін нәтиже: дыбыстарды айта алады; негізгі ойды дұрыс жеткізе алады; әңгімелерді бірізді айтып береді. Баяндау сипатын сезініп, шығармалардың мазмұнын эмоциялы қабылдай алады; кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын, әдеби жанрларды ажыратады; өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды;
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор: Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктің болымсыз түрін жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу: Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру Күтілетін нәтиже: ұжымдық әңгімеге қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді; қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бір-бірімен еркін диалог құрады.

	Математика негіздері	Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтиже: Тәулік бөліктері, олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы түсініктері бар
	Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Күтілетін нәтиже: қағаз парағын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Күтілетін нәтиже: Жабайы аңдарды және үй аңдарын ажырата алады. Немен қоректенетіні туралы біледі.
	Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Күтілетін нәтиже: қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді; бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Жануарлардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану, бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Күтілетін нәтиже: қарапайым үйлесімділікті сақтай отырып, адам мен жануарлардың пішінін мүсіндей біледі.
	Жапсыру	Қайшымен жұмыс. Шаршы мен төртбұрышты екі бөлікке қию, жіңішке жолақтарды

		көлденеңінен қию дағдыларын қалыптастыру. Қайшыны дұрыс ұстау мен қолдана білуді, түстерді, көлемді ажыратып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыра білу; Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау.
	Музыка	-Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу; -Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен); -Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау; -Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу. Күтілетін нәтиже: музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді; музыканың ырғағын нақты береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар.Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру; Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру;Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Негізгі қимылдар: Жүру.Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру; Жүгіру.Шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, Еңбектеу, өрмелеу.Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен

		тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу; Секіру. Оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, Лақтыру, домалату, қағып алу. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу. Тепе-теңдікті сақтау. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Сапқа тұру. Бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу; Дербес қимыл белсенділігі. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс- әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Күтілетін нәтиже: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру жаттығуларын жасай алады. Шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру үйренген. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіріре алады. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтырады. Бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын
--	--	--

		тұрады. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешуді меңгерген. Суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсінеді.
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.
		Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; ақырын, жылдам сөйлейді. Кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу барысында фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор: Жануарлардың, құстардың атауларын үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөздерді септеп қолданады; қызықты оқиғалар туралы айтады; жануарлар мен құстардың атауларын біледі.
	Математика негіздері	Сан, санау. 5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру, теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді жалпылай білуді дамыту. Өртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын жетілдіру (көру, есту, иіс сезу). Күтілетін нәтиже: 5-ке дейін және 5-тен кейін санауды анықтай біледі; "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап бере алады.
	Құрастыру	Ұжымдық құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс бөлшектерін атау және

		оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалану. Жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту, құрылысты жалпы оймен біріктіру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу. Күтілетін нәтиже: құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін біледі, түрлі нәтиже алу үшін бір тәсілді ғана қолданады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптасқан.
	Сурет салу	Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескеріп, заттар мен жануарлардың пішінін бейнелей білуге баулу. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану. Күтілетін нәтиже: сурет бойынша: заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді; тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді; түстерді өз қалауы бойынша тандайды.
	Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композиция құру, ұжымдық жұмыстарды орындау, міндеттемелерді өзара бөлісу. Күтілетін нәтиже: Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
	Жапсыру	Сюжеттік жапсыру. Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру. Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыр дөңгелектер мен сопақтарды қию, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Күтілетін нәтиже:

		қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады.
	Музыка	-Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу; -Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану; -Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтай біледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене тәрбиесі	«Жалпы дамытушы жаттығулар.Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Негізгі қимылдар: Жүру.Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, Тепе-теңдікті сақтау.Гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; Жүгіру.Сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу.Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Секіру.4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру;

		Домалату, қағып алу, лақтыру.Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); Сапқа тұру.Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Спорттық жаттығулар:Аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; Дербес қимыл белсенділігі.Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Күтілетін нәтиже: Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру жаттығуларын жасайды.Гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүріп, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтеді.4–5 сызықтан аттап секіре алады. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Күтілетін нәтиже: сөздік қоры артады, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырып, айта алады. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің

	образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Күтілетін нәтиже: баяндау сипатын сезініп, шығармалардың мазмұнын эмоционалы қабылдай алады; әдеби жанрларды ажыратады; өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Еркін ойындарда адамдардың көңіл-күйі жеткізе білуге жаттықтыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалайшақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады; төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі; төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады; өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді.
Математика негіздері	Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Күтілетін нәтиже: «бір» сөзінің мағынасын біледі; 5 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі; 5 және одан артық заттардың өлшемдік қатынастарын анықтай

		біледі.
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Күтілетін нәтиже: құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін біледі, түрлі нәтиже алу үшін бір тәсілді ғана қолданады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Қоршаған әлемде және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, құстарға жем беру) баулу. Күтілетін нәтиже: жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауды (өсімдіктерді қорғау, құстарға жем беру) біледі.
	Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Күтілетін нәтиже: Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастырға, ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға дағдыланған.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру Күтілетін нәтиже: Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасауды біледі.
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіре алады.

	Музыка	-Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау; -Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру; -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпынады.
--	--------	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру; Жүгіру. шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу. Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Секіру. 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру;

	Домалату, қағып алу, лақтыру.Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); Тепе-теңдікті сақтау.Көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Сапқа тұру.Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Спорттық жаттығулар:Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Дербес қимыл белсенділігі.Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту ; Сауықтыру-шынықтыру шаралары.Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Күтілетін нәтиже: Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру жаттығуларын орындайды. Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектейді.. Көлбеу тақтай бойымен жүруге дағдыланған. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы біледі.
Тілді дамыту, көркем әдебиет	Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды,материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.

		Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту Күтілетін нәтиже: заттарының қолданылу маңыздылығын түсініп, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдануға үйренді. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыды, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулынды.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға жаттықтыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу арқылы балалардың анық және дұрыс дыбыстауын қалыптастыру. Сөздік қор: Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сан есімдерді ретімен атауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Күтілетін нәтиже: Тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу арқылы балалардың дыбыстарды анық және дұрыс дыбыстауы қалыптасқан.
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндер. Геометриялық пішіндерді: (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Күтілетін нәтиже: Геометриялық пішіндерді: (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және

		денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атауларын айтады.
	Құрастыру	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Күтілетін нәтиже: Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Күтілетін нәтиже: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдыкталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтайды.
	Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Күтілетін нәтиже: қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластырып, ол түстерді өз бетінше жасауға ынталы.
	Мүсіндеу	Сәндік мүсіндеу. Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылықты тәрбиелеу. Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту, саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту. Жартылай пішінді алу үшін сазбалшықтың тұтас кесегінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.
	Жапсыру	Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Күтілетін нәтиже: Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен

		толықтырып, жеке және топпен бірлесіп, онда міндеттерді келісіп атқарады.
	Музыка	-музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту; -Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау; - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту; -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. Күтілетін нәтиже: Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдыланған, бір-бірін тыңдап орындайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Томирис» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашуқолдың білектерін айналдыру; Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру; Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіру;

		Еңбектеу, өрмелеу. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; Домалату, қағып алу, лақтыру. Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыр (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Сапқа тұру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау; Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу; Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру; Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі
--	--	--

		жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Күтілетін нәтиже: Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау жаттығуларын жасайды. Бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүреді. гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектей біледі. Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтырады. Заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен тепе теңдік сақтай жүреді. дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалану жолдарын түсінеді. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жүреді.
	Тілді дамыту, көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдап кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға үйренген. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындай алады.

	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор: Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу: Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтиже: кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді; шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізеді.
	Математика негіздері	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Күтілетін нәтиже: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.
	Құрастыру	Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
	Қоршаған әлеммен	Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы),

	таныстыру	диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Күтілетін нәтиже: Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.
	Сурет салу	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Балалардың ұлттық өнердің сән және көркемдік эстетикалық талғамын дамыту, халықтың тұрмыс – салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, шығармашылық ойлау қабілеттерін, бейнелеу өнерінің жаңа тәсілдерімен таныстырып, оны меңгере білуге, ептілікке, сыйластыққа баулуға, Отан сүйгіштік, бір – біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.
	Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Сәндік мүсіндеу балаларды сәндік қолданбалы өнер заттарымен таныстырады. Күтілетін нәтиже: Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Күтілетін нәтиже: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу дағдыларын меңгерген.

	Музыка	-Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау; -Өнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту; -Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау; -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. Күтілетін нәтиже: Билеуде шапшаңдық пен ептілік танытады, музыканың көңілді, ойнақы сипатын береді, атрибуттармен би қимылдарын орындай алады.
--	---------------	--